Педагогикалық кеңес отырысында
мақұлданды және бекітілді.
Хаттама № 1
"_29__" _____08_____2025 жыл

Бекітемін
«РМА» ЖШС директоры
_____ С.Смакова
"__01__" _____09_____2025 жыл

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына» және «РМА» ЖШС Жарғысына, осы Ережеге сәйкес әзірленді.

1.2. Әдістемелік кеңес циклдік әдістемелік комиссиялардың (ары қарай – ЦӘК), Жас педагог мектебінің (ары қарай – ЖПМ), озық тәжірибе мектебінің (ары қарай - ОТМ) ғылыми, оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіретін және бақылайтын орган болып табылады.

1.3. Өз қызметінде Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жүзеге асыруды басшылыққа алады.

2. Әдістемелік кеңестің құқықтары мен міндеттері

2.1. Кеңес өз отырыстарында білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігі мен нәтижелілігіне әсер ететін өзекті мәселелерді қарайды.

2.2. Кеңес циклдік әдістемелік комиссиялар немесе педагогикалық ұжым мүшелері ұсынған инновациялар мен жаңашылдықтарды қарастырады.

2.3. Әдістемелік кеңес «РМА» ЖШС жоғары органы – педагогикалық кеңеске есеп береді.

2.4. Әдістемелік кеңес білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің маңызды мәселелерін педагогикалық кеңестің қарауына ұсына алады. Бұл мәселелерді шешуге «РМА» ЖШС-нің бүкіл педагогикалық ұжымы қатысуы қажет.

2.5. Кеңес оқытушылардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін жетілдіруге және олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал ететін орган ретінде де қызмет атқарады.

2.6. Кеңес циклдік әдістемелік комиссиялар ұсынған оқытушылар кандидатураларына біліктілік санаттарын беру, сондай-ақ «РМА» ЖШС, қала, облыс және республика деңгейіндегі марапаттар мен сыйақыларға ұсыну мәселелерін қарайды және ұсынады.

2.7. Кеңес циклдік әдістемелік комиссиялар ұсынған оқытушылардың озық педагогикалық тәжірибесін қарайды, бекітеді және оны «РМА» ЖШС тәжірибесіне енгізуді ұсынады.

2.8. Кеңес семинарлар, кеңестер, практикумдар, лекторийлер, конференциялар және оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыруға, сондай-ақ озық тәжірибені насихаттау енгізуге мен жас мамандарға көмек көрсетуге бағытталған басқа да іс-шараларды жоспарлайды.

2.9. Кеңес оқу-әдістемелік құралдарды, нұсқауларды, ережелерді қарап, талқылайды, бекітеді.
2.10. Жұмыс оқу бағдарламаларын зерделеп, бекітуге ұсынады.
2.11. Пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді қарастырып, мақұлдайды.
2.9. Әдістемелік кеңес жұмысы туралы есеп педагогикалық кеңес отырысында жылына екі рет тыңдалады.

3. Әдістемелік кеңестің құрамы

3.1. Әдістемелік кеңес құрамына:
– оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
– тәжірибе жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
– тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
– әдіскер;
– бөлім меңгерушілері;
– ЦӘК төрағалары, ЦӘК мүшелері;
– пән үйірмелерінің жетекшілері кіреді.

4. Әдістемелік кеңестің жұмысын ұйымдастыру

4.1. «РМА» ЖШС әдістемелік кеңесінің басында оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасары тұрады, ол әдістемелік кеңес жұмысын жалпы басқаруды жүзеге асырады.
4.2. Әдістемелік кеңестің жұмысын тікелей басқару, отырыстарын ұйымдастыру, жоспарын дайындау, құжаттамасын реттеу міндеті директормен тағайындалатын әдіскерге жүктеледі.
4.3. Кеңестің жұмыс жоспары «РМА» ЖШС-нің директоры тарапынан бір жыл мерзімге бекітіледі. Қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
4.4. Әдістемелік кеңестің отырыстары оқу жылы ішінде екі айда бір рет өткізіледі.
4.5. Әдістемелік кеңестің отырысы хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысқандардың саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Талқыланатын мәселе бойынша сөйлеген сөздер мен қабылданған шешім анық және түсінікті көрсетілу керек.
4.6. Әдістемелік кеңестің хаттамалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану Қағидаларына сәйкес қағазға басылып шығарылған электрондық word (ворд) форматында жүргізіледі.
4.7. Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы РМА-ның іс номенклатурасында үнемі сақталатын құжаттар болып табылады, соңғы екі және ағымдағы оқу жылының хаттамалары әдістемелік кабинетте сақталады. РМА-ның істерін қабылдау мен тапсыру кезінде акт бойынша тапсырылады.